

## **Бекеттің бел жайлауы жоннан әрі...**

**Әзірханов Б. А.,**

*Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданының әкімі,*

*саяси ғылымдарының кандидаты.*

*Не бітірдім дейді екен бұл өмірде,*

*Бекетіне бір барып қайтпаған жан.*

*(Серік Тұрғынбекұлы)*

Ұлан даламыздың Ұлы перзенті Бекет Ата Мырзағұлұлы - ислам әлеміне танымал тарихи тұлға. Ол Қабиболла Сыдиықұлы ағамыз айтқандай «бір ғана Қосқұлақтың, не бір ғана Адайдың Бекеті емес, Бекет – қалың қазактікі, бүкіл адамзат баласынікі». Оның өмірі мен қадір-қасиеті, ұстанған сопылық жолы жайлы ағылшын, араб, парсы, түркі дінзерттеушілерінің жазбаларында да құнды деректер бар.

Хиуада өмір сүрген ғұламалар тарихын зерттеп жүрген дінтанушы, Бақиржан Қожа ұрпағы Назарбай Реджепұлы Ташкент қаласындағы Алишер Навои атындағы кітапханада сақталған тарихи құндылығымен өте ерекшеленетін, XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Хорезм өңірінде өмір сүрген дінбасылары, әулиелер, тарихат өкілдері жайлы жазылған «Рисолайи хилфати суфихо» (Уз ФАШИ инв. №7610), «Фирдаусул икбол» (Уз ФАШИ инв. №5364), «Тазкираи Мухаммад Бахир» (Уз ФАШИ инв. №1846) қолжазбаларында Бекет ата жайлы тың мәліметтер бар екенін айтады.

XIX ғасырда Маңғыстау мен Үстіртті зерттеген орыс саяхатшы-ғалымдарының еңбектерінде де біраз дерек кездеседі. Мәселен, түпнұсқасы Москвадағы әскери тарихи архивте сақталған «Қазақ даласының экспедициясының топографиялық журналы» деген еңбекте орыс географиялық қоғамының мүшесі, әскери барлау бөлімінің полковнигі Федор Федорович Бергтің басшылығымен орыстардың 1825-26 жылдары Үстіртке жіберген бірінші экспедициясының құрамында болған

подпоручик Александр Осипович Дюгамельдің 1826 жылы жазған мынадай сөздері бар: «13 қаңтар. Күйкеннің үсті. Түсірім жасап жүрген офицерлер сол жақтағы бұлақ ағып жатқан сай бойынан жардан үңгіп қашалған екі бөлмелі мешіт тапты. 14 қаңтар. Үстірт кеш пайда болған құм-саз бүркеген тасты жыныстардан тұрады. Таудың құлауы барлық жерде дерлік тасты және шаппа өр, көбінің астында бұлақ бар, қазақтар олардың алдын бөгеп қойған. Солардың ішіндегі ең суы молы Бекет сопы мешітінің жанындағы бұлақ. Мешіт ақтас жартастан үңгіліп қазылған екі бөлме, іші қазақ үйінің көлеміндей, бірінің кіреберісінде аласа есігі бар, екіншісінің төбесіндегі тасты ойып жарық түсетін тесік жасаған...»

Ал аталған экспедицияның мүшесі есебінде біздің өңірде болып, артына өлкеміздің тарихы мен табиғаты туралы өте құнды мұра қалдырған Э.Эверсманн: «1826 жылғы 14 қаңтар күні шың жағалай шолу жасап жүрген шағын жасақ біз тоқтаған жерден 10 шақырым қашықтықтағы аңғар бойынан әктасты шебер етіп ойып жасаған үңгір тапты. Оның іші 10 шаршы метрдей, аузы тар, қабырғалары араб, парсы, татар жазуларымен безендірілген... Бұл үңгірді салған Бекет атты пірәдар қазақ. Үңгір қасиетті Бекет атымен аталған. Мұндай ескерткішті Ол төрт жерден қашаған. Оның бірі – Маңғыстаудан қашық емес, Оғыландыда. Екіншісі – Бейнеуде, үшіншісі – Жем өзені бойында, төртіншісі – Арал теңізі жағасындағы Баялыда. Оның бірінде – қыста, екіншісінде – күзде, үшіншісінде – жазда болады екен. Бұл ғажап тақуа кісі осыдан он екі жыл бұрын өмірден өткен», – деп жазады.

1794 жылдың 23 қаңтарында неміс жерінде дүниеге келіп, 1860 жылдың 14 сәуірінде Ресейдің Қазан қаласында өмірден өткен, жиырма жасында философиядан, жиырма екі жасында медицинадан докторлық диссертация қорғап, 1842 жылы Ресей Ғылым Академиясының академигі атанған, неміс, ағылшын, француз, орыс тілдерін жетік меңгеріп, татар тілінде таза сөйлей білген Эдуард Александрович Эверсманнан жеткен Бекет ата мешіттері жөніндегі осы бір қысқа ғана мағұлмат өлкеміздің өткені жайлы жазылған біраз ғылыми еңбекке негіз болды.

1851-52 жылдары Үстірттің жер бедерін зерттеген ғылыми экспедицияның мүшесі, Ресей империясы Бас штабының топографы, подпоручик Петр Вагапович Алексеевтің 1853 жылы жарық көрген «Солтүстік Үстірттің Жемге дейінгі аралығының топографиялық сипаттамасы» деген еңбегінде: «Бекеттің Ақмешіті Жем өзенінің сол

жағындағы Қандыарал шатқалынан төменде 38 шақырым жерде. Оған өзен жақтағы қапталынан жақынырақ барып қарағанда адам әрең сыятын, қасқырдың үлкен апанына ұқсас ойындыны көреміз. Осы ойынды жер астына қарай 3 сажындай барған соң тіке оңтүстік батыс бағытындағы диаметрі 2,5 сажын, биіктігі 4 аршындай болатын, күмбезі тегіс, төбесінде жарық түсетін ойықшасы бар дөңгелек бөлмеге әкеледі. Бөлменің кіреберіс екі жағында көміліп қалған екі шұңқыр көзге шалынады, қазақтардың айтуынша ол суы тұщы құдықтың орны.

Бұл бөлменің оң жақ қапталында тағы бір кішігірім бөлме бар, онда үшкір ұшын жерге тіреп қойған, жұмыр темірден жасалған асатаяқ сүйеулі тұр. Бірінші бөлменің оңтүстік батыс жақ қабырғасынан көлемі бірінші бөлмеден гөрі үлкендеу, ортасына төбесін тірейтін төрт қырлы тіреуіш баған қойылған, дөңгелек пішінді тағы бір бөлмеге әкелетін есік шығады. Бұл бөлменің қабырғалары дұрыс шеңбер түрінде емес, 6 симметриялық ойынды түрінде қашалған. Оның есікке қарсы бетіндегі біреуі басқаларынан гөрі біршама енді, әрі тереңірек жасалған... Қатты бор жарқабақтан үңгіп салынған мешіттің қабырғалары қолмен өңделген, бірақ біршама тегіс. Мешіт үстіне екі-үш адам жерленген, оған бірнеше ағаш сырықтары шаншылып, әртүрлі мата қиындылары, жылқының жал-құйрығы мен малдың кураған сүйектері ілінген. Осыларды көріп, оның мән-мағынасын ұғынып, жартылай жабайы халықтың қасиетті адам жатқан орынға осындай болмашы белгілерін қалдыратын діншілдігіне таң қаласың... Қазақтар мұсылман шариғаты бойынша бұл жерге жыл сайын бір рет барып тәу етеді...

Жемнің таулы қабағындағы бұл үңгірді жыл сайын жазда Үстірттен Жемге қоныстануға келетін Адай руының Мұңал тайпасынан шыққан Бекет... осыдан 50 жылдай бұрын қашап салған. Ол қолы бос кезінде ер балалардың мұсылманша сауатын ашумен айналысқан, ал қалған уақытта намаз оқып, құдайға құлшылық қылу үшін өзінің тастан ойып салған үңгірінде оңаша өмір сүрген.

Кей жылдары Ол осында, туысқандарының өзіне арнап қалдырған бір кісіге бір күнге ғана жететіндей азғантай азығымен қыстап қалатын болған. Оны өлдіге санаған туысқандары жаз шыға қайта көшіп келген кезде, оның тек тірі ғана емес, еш арымаған, бұрынғысынан да сау-саламат күйін көріп таң қалған. Бүкіл орда адамдары осы бір ғажап қазақтың өмірінен неше түрлі кереметтер мен көптеген аңызға бергісіз әңгімелер айтып, оны қасиетті, нағыз әулиенің өзі деп құрмет тұтады. Ол осыдан қырық жылдай бұрын өмірден өтіп, Маңғыстау түбегінің Үстіртпен ұштасқан жеріндегі Оғыланды

шатқалына жерленген. Марқұмның ағайындары жыл сайын оның зиратына келіп, басына тәу етеді. Содан кейін артында қалған үш ұлының үлкені бейітке кіріп, әкесінің шашын алып, сақал – мұртын түзейді. Мен қазақтардан осы қасиетті де, керемет адам туралы ақылға сыймайтын, адам ойына келмейтін көптеген әңгімелер естідім...», – деп жазады (сажын–2,13 метр, аршын–0,71 метр, шақырым–1067,8 метр).

1809 жылы башқұрт топырағында дүниеге келіп, біраз ғұмырын Үстірт үстінде өткізіп, оның картасын жасақтап, өте құнды мәліметтер жинақтаған орыстың қарапайым офицері П.Алексеев өз еңбегінде Атаның аталған мешітінің бірінші бөмесінің суретін жариялап, оның Бейнеудегі мешіті жайлы: «Үстірттің солтүстік шетіндегі Манашы сайының саға тұсынан шығыста 25 шақырым жерде... жыра бойындағы бор төбені үңгіп жасаған үлкен үңгір. Ол қазіргі кездегі Үстірттен жаз жайлауға Жемге көшетін қазақтардың жиналатын орны. Жергілікті халық бұл үлкен қауымды да Ақмешіт деп атайды және қасиетті әулиелі жер санайды. Басындағы сырық ағашқа мата қиындылары, садақаға сойылған малдың сүйектері байланған. Жақын жердегі молалардың басына ескерткіштер қойылған...», – деген дерек қалдырыпты.

Белгілі қазақ ғалымы, филология ғылымдарының кандидаты Қабиболла Сыдиықұлы 1885 жылғы «Русский архивте» жарияланған А.Дюгамельдің жазбаларында: «Ақбор төбенің бетіндегі қасқырдың үңгіріндей тесікке бір адам зорға сиып, үш құлаштай үңгірмен жүргенде ені екі жарым құлаш, биіктігі кісі бойындай дөңгелек киіз үй пішініндегі сағана тамға кіреді. Сыртта құдық бар. Оның оң қапталында тағы бір бөлме. Осылардың арасында сырық тұр. Жемдегі Ақмешітті бұдан елу жыл бұрын салған... Бекет өлген соң Оғыландыға қойылған», – делінгенін айтады.

1801 жылдың 26 қаңтарында өмірге келіп, 1880 жылғы 28 мамырда дүниеден өткен Александр Осипович Дюгамель жоғарыда сөз болған «Қазақ даласының экспедициясының топографиялық журналы» деген еңбектің авторы, 1861-66 жылдары Батыс Сібірдің генерал-губернаторы, соңынан Мемлекеттік кеңестің мүшесі, сенатор болған, артында көлемді өмірбаянын жазып қалдырған, патшалық Ресей заманындағы танымал тұлғалардың бірі.

Кешегі кеңестік кезеңде өмір сүрген белгілі дін ғұламасы шоңай Шайхы өз замандастарына қажылыққа барған сапарында араб дінбасыларынан Бекет ата туралы өте құнды дерек естігенін айтады екен. Ал

жылойлық Жолдасқали Сүйесінов Бекет Ата жайлы мәліметтің 1820 жылдары Бөкей Ордасында болған неміс саяхатшысы Шульцтің жазбаларында да бар екенін сөз етеді. Ол сонымен бірге: «Еділ қалмақтарымен болған соғыста Бекет Ата жиырмадағы жігіт болса керек. Қалмақ әскерлеріне қарсы Бекеттің жалғыз өзі ту көтеріп шыққанда жау быт-шыт болып, жан-жаққа қашады... Осы жеңісі үшін ханның әйелі Бопай Бекеттің бетінен сүйеді...», – деп жазады.

Біздің ойымызша автор айтып отырған соғыс 1771 жылдың басында Еділ жағалауынан Жоңғарияға қарай үдере көшкен Убаши бастаған 30909 үй қалмақ пен жергілікті қазақтардың арасындағы атышулы айқас болса керек. Сол жылы Бекет ата, шындығында да, 20-21 жас шамасында болған. 1771 жылдың қысындағы Айшуақ сұлтанның басшылығымен Сағыз бойындағы, Әбілқайырдың Бопай ханымнан туған ұлы Нұралы ханның бастауымен Ойыл мен Мұғаджар маңындағы қалмақтар мен қазақтар арасындағы қиян-кескі ұрыстар жайлы А.Левшин жазбаларында да бар.

Ал Әбілқайыр ханның зайыбы, адайдың белді руының бірінен шыққан Бопай ханым – заманында орыс патшайымдары Анна Иоанновна мен Елизавета Петровнаға, Орынбор губернаторы И.Неплюевке қазақ халқының жай-күйін айтып әлденеше дүркін хат жолдап, патша әкімшілігінің жоғарғы шенді басшыларымен ресми келіссөздер жүргізген, шын мәніндегі ханымдық дәрежеге жетіп, ел басқару ісіне араласқан тарихымыздағы танымал тұлға.

Ол 1780 жылдың 31 мамырында өмірден өтіп, Батыс Қазақстандағы Елекке құятын Жосалы өзенінің жоғарғы жағындағы қорымға жерленген. Бопай ханымды Әбіш аға Бекет Атаның нағашысы Назарқожаның әйелі Ікәймен бірге туған Табынайдан тарайтын Сатыбалдының қызы деп есептейді. Оны шежіреші қарттар да теріске шығармайды.

*Данная статья носит обзорно-аналитический характер об арабских, персидских и российских источниках, где содержится ценная информация о жизни, деятельности и учении Бекет Ата.*

*This article gives general analytical features of Arabian, Persian and Russian sources which keeps precious information about life, activities and education of Beket Ata.*

